



Бекітемін  
Абай атындағы Қарағанды облыстық  
балалар кітапханасы» КММ басшысы  
Б. Уатаева  
2024 ж.

## «АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ» КММ ҚҰЖАТТАРДЫ ЭЛЕКТРОНДЫ ЖЕТКІЗУ (ҚЭЖ) ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІ

### 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕСІ

1.1 Құжаттарды электронды жеткізу (ҚЭЖ) Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасының (бұдан әрі – кітапхана) ақпараттық сервисінің бір бөлігі болып табылады.

1.2 ҚЭЖ қашықтағы кітапхана пайдаланушыларының ақпараттық қажеттіліктерін барынша қанағаттандыру міндетін іске асырады.

1.3 ҚЭЖ кітапхана қорынан құжаттың үзіндісінің (кітаптың немесе мақаланың үзіндісі толығымен) электрондық көшірмесін алуға мүмкіндік бар.

1.4 Кітаптың электрондық көшірмелері Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» 10.06.1996 жылғы №6-1 Заңына сәйкес басылым 15%-дан аспайды. Басылымдарды толық көлемде көшіру жүргізілмейді.

1.5 ҚЭЖ қызметін кітапханаға тіркелген пайдаланушылар, сондай-ақ кітапхана оқырмандары болып тіркелмеген жеке және заңды тұлғалар пайдалана алады.

1.6 Тапсырысты орындау мерзімі – 1-3 жұмыс күн ішінде.

1.7 Кітапхана ұсынатын ҚЭЖ қызметі тегін жүргізіледі.

### 2. ҚЭЖ ПАЙДАЛАНУШЫЛАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1 Құжат бөлігінің электрондық көшірмесіне тапсырыс беру (мерзімді басылымнан мақала - толық, кітаптан үзінді - көлемі 15%-дан аспайды).

2.2 Тапсырысты жібергеннен кейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей жауап алу.

2.3 Электрондық пошта арқылы құжаттың PDF, JPEG форматындағы көшірмесін алу.

2.4 Пайдаланушылар электронды көшірмеге тапсырыс беру барысында кітапхананың электрондық поштасына ([odb\\_abai@mail.ru](mailto:odb_abai@mail.ru)) жіберуі керек.

2.5 Әр пайдаланушы күніне бір ғана құжатқа тапсырыс бере алады.

2.6 Құжаттардың көшірмелерін тек ғылыми және білім беру мақсатында ғана пайдалануға болады.

### 3. КІТАПХАНАНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.2 ҚЭЖ туралы Ережеге толықтырулар мен өзгерістер енгізу.

3.2 Сканерлеуге келіп түскен тапсырыстардың күрделілігі мен санына қарай нақты тапсырысты орындауға бөлінген уақытты анықтау.

3.3 Тапсырыстарды «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес орындау.

#### **4. ҚЭЖ ТАПСЫРЫСТАРЫН ОРЫНДАУ ТӘРТІБІ**

4.1 Кітапхана сайтындағы электрондық тапсырыс бланкісінің нысанын толтырып электрондық поштаға жіберу.

4.2 Құжатқа тапсырыс беру және жеткізу кітапхананың электрондық каталогы арқылы іздеу нәтижелері негізінде жүзеге асырылады.

4.3 Құжаттың электронды көшірмесін пайдаланушының электрондық поштасына жіберу.